

НЕСИЕ МЕН НЕСИЕ ЖЕЛІСІН БЕРУДІҢ СТАНДАРТ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ОСЫ НЕСИЕ МЕН НЕСИЕ ЖЕЛІСІН БЕРУДІҢ СТАНДАРТ ЕРЕЖЕЛЕРІ (БҰДАН ӘРІ – СТАНДАРТ ЕРЕЖЕЛЕР) ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІНІҢ (БҰДАН ӘРІ – ҚР АҚ) 388-БАБЫНДА КӨЗДЕЛГЕН ТӨРТІШПЕН «KASPI BANK» АҚ-ТЫҢ (БҰДАН ӘРІ – БАНК) КЛИЕНТТЕРМЕН ЖАСАСАТЫН БАНК ҚАРЫЗЫ ШАРТТАРЫ БОЙЫНША НЕСИЕ ЖЕЛІСІН БЕРУДІҢ ҮЛГІЛІК ЕРЕЖЕЛЕРІН (ШАРТТА ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРГЕ СІЛТЕМЕЛЕР БОЛҒАНДА) АНЫҚТАУ МАҚСАТЫНДА ӘЗІРЛЕНДІ.

2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

2.1. Стандарт ережелердің, өтініштердің және Клиент пен Банктің арасындағы қатынастардың туындауына байланысты ресімделетін өзге құжаттардың негізінде жасалатын банк қарызы шарттарының мақсаты үшін пайдаланылатын терминдердің, анықтамалар мен қысқартулардың мынадай мағынасы бар:

- 1) **Жеке талаптар** – жеке талаптар, Несие лимиттері және Банктің қызмет көрсетуінің жақсартулары туралы ақпарат, ол Банк анықтаған, талаптарды жақсартуға бағытталған, БҚШ жасалған сәтте шартта және/немесе Тарифтік жоспарда анықталған Жеңілдік кезеңін/Промо-кезеңін беруді және/немесе Операцияларды Артықшылықты блокқа қосуды және/немесе қызмет көрсетудің басқа параметрлерін, атап айтқанда, Несие желісінің Ең көп сомасын көбейтуді, Несиенің және/немесе Несие желісінің және/немесе Ең ұзақ Қаржыландыру кезеңінің мерзімін көбейтуді білдіреді;
- 2) **Төлемдер кестесі** – Қарыз алушының Несие лимиті бойынша осындай Төлемдер кестесінде айқындалған тек Ұсынылған төлемді немесе Ең аз төлемді өтеуі негізінде анықталатын, сондай-ақ төлемдер мен Клиентке қызмет көрсету туралы өзге ақпарат жазылған Қарыз алушының жасалған сәттегі болжамды төлемдер тәртібі;
- 3) **Ай сайынғы төлем** – Төлемдер кестесіне сай Оңтайлы төлем, Ұсынылған төлем, Клиенттің таңдауымен жасалатын төлем немесе Ең аз төлем. Қайта жаңартылатын Несие лимитінің мақсаты үшін Ең аз төлем ай сайынғы төлем болып табылады;
- 4) **Берешек** – Негізгі борыш сомасын, Овердрафтты, есептелген, бірақ төленбеген Сыйақыны, комиссияларды, айыппұлды, өсімпұлды, тұрақсыздық айыбын, төлемақыны, Клиентпен жасалған шарттарда көзделген, Клиенттің төлеуі тиіс өзге де төлемдерді қосқанда, қарыз Операцияларының сомасы;
- 5) **Сыйақы** – Несие лимитінің есебінен алынған ақшаны пайдаланғаны үшін ақы;
- 6) **Қолжетімді қалдық** – Клиенттің Несие лимитінің пайдаланбаған бөлігінің мөлшері;
- 7) **Несиелеу мерзімі** немесе **Мерзім** – реттік Есептесу кезеңдерінің сандық мәнімен анықталатын уақыт кезеңі, бұл кезеңде Берешек Төлемдер кестесіне сай немесе Жеке талаптарға сай Ең аз төлемді немесе Ұсынылған төлемді төлеген жағдайда өтеледі;
- 8) **Банк қарызы шарты (немесе БҚШ)** – Банктің Қарыз алушыға ұсынатын Несие желісін ашу туралы келісімнің талаптарында жасалатын төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық талаптарымен ақша беру туралы шарт;
- 9) **Қарыз алушы** – Несие берілген Клиент;
- 10) **Клиент** – Банкке Өтінішпен келген және/немесе Стандарт ережелердің аясында шарттар жасасқан жеке тұлға;
- 11) **Өтініш** – Клиенттің шарттар, соның ішінде БҚШ жасасу туралы, қарыз беру туралы Банкке жасаған ұсынысы, сондай-ақ өзге ақпарат берілген құжат;
- 12) **Байланыс арнасы** – Банк анықтайтын тәртіппен және талаптарда және Клиент туралы мәліметтердің негізінде сәйкестендіру арқылы өзге интернет-ресурстарда пайдаланылатын Клиент пен Банктің арасындағы ақпарат беру құралдарының бірі: электрондық пошта (email),

пошталық байланыс, интернет-банкинг, мобильді банкинг, телебанкинг, USSD/SMS-хабар, месенджер бойынша хабар, телефон, факс, банкомат, POS-терминал, терминал, Жеке кабинет, Интернет киоск, интернет-бөлімше, Клиенттің әлеуметтік желідегі парақшасындағы хабар, Сайттағы, Банктің ресми парақшасындағы хабар;

13) **Капиталдандыру** – Банктің қалауы бойынша, атап айтқанда Қарыз алушының ауызша, жазбаша немесе Байланыс арналары арқылы берген нұсқауы болған кезде, соның ішінде төлем мерзімін ұзартқан кезде берілетін, Есептесу кезеңі аяқталған күні есептелген Берешек мөлшерінде Несие лимитінің және/немесе Овердрафт есебінен Банктің Қарыз алушыға ақша беруі;

14) **Карта** – Клиенттің банктік шоттарына, соның ішінде Картаға қызмет көрсету шотына қолжетімділік және электрондық банктік қызмет алу құралы болып табылатын төлем картасы. Карта немесе оның нөмірі де Банктің және үшінші тұлғалардың Клиентті Банк пен үшінші тұлғалардың бірлескен бағдарламаларының (адалдық бағдарламаларының, бонустық бағдарламаларының және т.б.) аясында, соның ішінде банктік ақпараттық жүйеде және үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелерінде сәйкестендіру құралы болып табылады;

15) **Несие** – Банктің Несие лимитінің аясында беретін ақша сомасы;

16) **Несие желісі** – Клиентке несие алу уақытын өзі анықтауға және қарыз Операцияларын жасауға, бірақ Банк белгілеген шектеулерді ескергенде, Банктің ішкі несие саясаты туралы ережесінде, Стандарт ережелерде және Жеке талаптарда айқындалған сома мен уақыт лимиттерінің шегінде, Банк белгілеген Несие лимитінің есебінен Несие желісінің Ең көп сомасы шегінде мүмкіндік беретін талаптарда Банктің Клиентке несие беру міндеттемесі;

17) **Несие лимиті** – Жеке талаптарда айқындалған, жаңартылатын немесе жаңартылмайтын негізде Несие желісінің Ең көп сомасы аясында Қарыз алушының біржолғы пайдалануында болатын қарыз Операциялары бойынша Негізгі борыш сомасының Банк айқындаған шекті мөлшері;

18) **Жеке кабинет** – www.kaspi.kz мекенжайы бойынша интернет желісіндегі парақша, оған қолжетімділік Клиентті www.kaspi.kz сайтында авторландыру арқылы жүзеге асырылады, Клиентке Банк айқындаған банктік қызметтерді беруге және электрондық банктік қызмет көрсету талаптарында көзделген өзге мақсаттарға арналған;

19) **Жеңілдік кезеңі** – Сыйақы есептелмейтін, Несие беруге байланысты комиссия алынбайтын немесе кейбір қызметтің ақысын төлеуге жеңілдік берілетін немесе Негізгі борыш және/немесе Сыйақы бойынша төлем жасау кейінге қалдырылатын немесе Берешекті өтеудің жеңілдік тәртібі қолданылатын немесе БҚШ-ның талаптарын басқалай жеке уақытша жақсартулар берілетін уақыт кезеңі, соның ішінде Банк белгілеген грей-кезең. Жеңілдік кезеңі бір немесе бірнеше адамға, Банктің анықтайтын уақыт аралығында бір немесе бірнеше Операцияға қатысты қолданылуы мүмкін. Жеңілдік кезеңін беру талаптарын Банк тиісті ақпаратты Сайтта жариялау арқылы және/немесе өзге Байланыс арнасы арқылы хабарлайды;

20) **Несие желісінің Ең көп сомасы** – барлық қарыздың (қарыз Операцияларының) БҚШ-да айқындалған ең көп жалпы сомасы, сондай-ақ БҚШ-ға сәйкес берілуі мүмкін Несие желісі аясындағы Несие лимиттері сомасының шекті мөлшері, ол жиырма миллион теңгені құрайды;

21) **Ең ұзақ Қаржыландыру кезеңі** – реттік Есептесу кезеңдерінің сандық мәнімен анықталатын уақыт кезеңі, бұл кезеңде Берешек тек Ең аз төлемді төлеген жағдайда ғана өтеледі;

22) **Ең аз төлем** – төлем жасау арқылы Берешекті өтеу әдісі, төлем мөлшері Несие лимитінің немесе Берешек сомасының пайызынан немесе бекітілген мөлшерде немесе Банк белгілеген өзге тәртіппен құралады, Берешек болған кезде Ең ұзақ Қаржыландыру кезеңінде Клиенттің төлем жасауы міндетті болады;

23) **Телефон нөмірі** – Клиенттің Клиент туралы Мәліметтерде көрсетілген ұялы телефон нөмірі;

24) **Қамсыздандыру** – кепіл, кепілдік, кепілдеме, соның ішінде заттай кепілдеме және Қарыз алушының БҚШ бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамсыздандыру үшін Банкке берген міндеттемелерді орындаудың басқа да тәсілдері;

- 25) **Қамсыздандыру жарнасы** – Клиенттің БҚШ бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамсыздандыру ретінде Банкке беретін ақшасы;
- 26) **Овердрафт (немесе Лимиттен үстеме берешек)** – Негізгі борышқа қосылатын, Төлем лимиті мөлшерінен үстеме Операцияларды жүргізумен байланысты Клиенттің төлеуге тиіс ақшасы (ақша сомасы, оның шегінде Клиент Картаны пайдаланып, шығыс Операцияларын жүргізуге құқылы, оған теңгедегі Шоттардағы ақшаның оң қалдығы мен шоттарда әлі көрсетілмеген Операциялар сомасын шегеріп тастағанда Несие лимиттерінің Қолжетімді қалдықтары кіреді);
- 27) **Операция** – Шоттарда көрінуі тиіс кез келген операция (транзакция), соның ішінде қарыз Операцияларын (Несие лимитінің есебінен шығыс Операциялары) қосқанда, шығыс Операциялары, Картаны пайдаланып жасалған (тауар ақысын төлеу және қолма-қол ақша алу), қолма-қол жасалатын немесе қолма-қол жасалмайтын тәртіппен Шоттарға ақша салу; Қамсыздандыру жарнасы үшін ақша салу; Қайтарылған төлемдер; Банктің Берешекті өтеуге ақшаны есептен шығаруы; есептелген төлемдерді Шоттардан есептен шығару, Өтінішке, БҚШ-ға және Стандарт ережелерге сәйкес комиссиялар мен Сыйақылар; Клиенттің Шоттарында көрсетілуі тиіс басқа да Операциялар;
- 28) **Оңтайлы төлем** – бір айдан тұратын Есептесу кезеңінің соңғы күні бір немесе барлық Несие лимиті бойынша Берешекті толық өтеу үшін Клиенттің БҚШ бойынша Банкке төлеуге міндетті төлем мөлшері;
- 29) **Негізгі борыш** – қарыз Операциялары бойынша жасалған, Клиенттің қайтармаған (өтемеген) сомасын, сондай-ақ капиталдандырылған Сыйақы мен өзге де төлемдер сомасын, сондай-ақ өтелмеген Овердрафт сомасын білдіретін Клиенттің Берешегінің бір бөлігі;
- 30) **Клиенттің таңдауымен жасалатын төлем** – мөлшерін Клиент өз бетінше анықтайтын және егер өзгесі БҚШ-да көзделмесе, Банк белгілеген Ең аз төлемнің мөлшерінен аз болмауы тиіс төлемді жасау арқылы Берешекті өтеу әдісі;
- 31) **Артықшылықты блок** – Банктің анықтаған артықшылықтары мен Стандарт ережелерге сай Банктің анықтаған БҚШ немесе басқа шарттардың қосымша талаптары (шектеулері) қолданылатын қарыз Операциялары;
- 32) **Промо-кезең** – Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, банктік қызмет көрсетудің кейбір қызметтері тегін негізде ұсынылатын уақыт кезеңі;
- 33) **Есептесу кезеңі** – БҚШ-ға қол қойылған күннен немесе Жеке талаптарда немесе Төлемдер кестесінде айқындалған немесе Банк Байланыс арнасы арқылы хабарлаған өзге күннен басталатын Картаны пайдаланатын бір айға тең уақыт кезеңі;
- 34) **Ұсынылған төлем** – Несие лимитінің не Берешек сомасының пайызында немесе бекітілген мөлшерде көрсетілетін немесе Банк айқындаған өзге тәртіппен төлемді жасау арқылы Берешекті өтеу әдісі, Берешек болған кезде бір жылдан аспайтын мерзімде немесе Несие желісінің мерзімінде Банктің анықтайтын басқа мерзімінде Берешек сомасын өтеу үшін оны төлеу міндетті;
- 35) **Сайт** – www.kaspiibank.kz, www.kaspi.kz мекенжайындағы интернет-ресурс немесе www.kaspiibank.kz сайтында Банктің рести интернет-ресурсы ретінде сілтеме келтірілген өзге интернет-ресурс;
- 36) **Клиент туралы мәліметтер** – Клиенттің Несие алу, БҚШ жасасу және Карта алу үшін Банкке беретін, ықтимал Клиент/Клиент туралы ақпарат (Сауалнамалар) жазылған құжаттармен мәліметтер, Клиенттің қолы қойылған және Банкке берілген Клиенттің растаулары, келісімдері мен кепілдіктері, Клиенттің деректері жазылған және/немесе Банкте көзделген тәсілмен Байланыс арналары арқылы Клиенттің хабарлаған өзге құжаттар мен мәліметтер;
- 37) **Шот** – Клиенттің Банкте ашқан банктік шоты;
- 38) **Шот-көшірме** – Есептесу кезеңінде Шотта көрсетілген Операциялар, сондай-ақ өзге ақпарат жазылған Банктің жасақтайтын және Клиентке жолдайтын мәліметтер;
- 39) **Тарифтік жоспар** – шарттар бойынша Банктің кейбір тарифтері мен кейбір қызмет ұсыну талаптары кіретін, банктік қызмет көрсету түрлері бойынша тарифтер тобының атауы;

40) **Банк тарифтері** – Банк бекіткен және Банктің қызмет ақысын төлейтін күнгі қолданыстағы Банктің қызметімен байланысты оның қызметі үшін төлемақы мөлшерлемелері және комиссиялары;

2.2. Клиенттермен қарым-қатынас жасау (соның ішінде Байланыс арналары арқылы), қарыздар мен банк қызметін ұсыну талаптарын түсіндіру, берілген Жеке талаптарды, соның ішінде Стандарт ережелер баспаға шығарылған күнге дейін берілген Жеке талаптарды түсіндіру мақсатында 2.1.-тармақта жазылған терминдердің мағынасына Сайтта орналастырылған электрондық банктік қызмет көрсету талаптарында көзделген анықтамалар қолданылуы мүмкін.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Қарыз алушының:

1) Несие лимиті белгіленген күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Несиені қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын және айып санкцияларының басқа түрлерін төлемей, Банктің Несие берген күннен бастап есептеген Сыйақы төлеу арқылы Несиені қайтаруға;

2) Егер Негізгі борышты немесе Сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түсетін болса, Қарыз алушы тұрақсыздық айыбын және айып санкцияларының басқа түрлерін төлемей, Сыйақыны немесе Негізгі борышты одан кейінгі жұмыс күні төлеуге;

3) Өтініш бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, ақысыз, айына бір рет БҚШ бойынша борышты өтеу есебіне түсетін кезекті қаражаттың бөлінуі (Негізгі борыш, Сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар және басқа да төленуі тиіс сомалар) туралы ақпаратты жазбаша алуға;

4) БҚШ бойынша ұсынылған ақшаны толық немесе ішінара мерзімінен бұрын Банкке қайтару туралы өтініш бойынша – ақысыз, үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Негізгі борыш, Сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар және басқа да төленуі тиіс сомаларға бөлінген, мерзімі өткен төлемдер көрсетілген қайтарылуы тиіс соманың мөлшері туралы мәліметті жазбаша түрде алуға;

5) Несие алған күннен бастап бір жыл өткен соң, тұрақсыздық айыбын және айып санкцияларының басқа түрлерін төлемей, Несиені ішінара немесе толық көлемде мерзімінен бұрын өтеуге;

6) Қызмет көрсету бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Банкке жазбаша өтініш жасауға және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде жауап алуға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құқықтарды іске асыруға құқығы бар.

3.2. Банк:

1) Біржақты тәртіппен Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай өзгертуге;

2) Қарыз алушы қарыздың кезекті бөлігін қайтару және (немесе) Сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік қырық күннен астам мерзімге бұзған кезде қарыз сомасын және ол бойынша Сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруын талап етуге;

3) Клиент Ең аз төлем төлеу міндеттемелерін орындамаған жағдайда, сондай-ақ Клиент міндеттемелерін тиісінше орындамаған өзге де жағдайларда қандай да бір хабарлама жолдамай, Оңтайлы төлемнің мерзімін кейінге қалдыруды тоқтатуға;

4) Банк кез келген үшінші тұлғаға өзінің БҚШ бойынша талап ету құқығын толығымен немесе ішінара беруге, сондай-ақ Берешекті өндіру үшін коллекторлық агенттіктерді тартуға құқылы. Бұл кезде Банк мұндай үшінші тұлғаларға мұндай құқығын беруді жасауға немесе Берешекті өндіруге қажетті БҚШ-ның талаптары туралы ақпаратты ашуға, сондай-ақ мұндай тұлғаларға тиісті құжаттарды беруге құқылы;

- 5) Банк өз қалауымен, соның ішінде Клиенттің тілегімен тиісінше Қамсыздандыруды берген жағдайларда, Несие лимитінің мөлшерін ұлғайтуға, жаңа Несие лимитін беруге немесе Несие желісінің Ең көп сомасы шегінде қосымша Несие лимитін беруге. Бұл кезде жаңа Несие лимитінің немесе қосымша Несие лимитінің талаптары бұрынғы (бұрын берілген) Несие лимитінің талаптарынан өзгеше болуы мүмкін;
- 6) Банк Клиентке қызметтің жаңа түрлерін, мұндай жаңа қызметтерді көрсету талаптарын баспа түрінде немесе Сайтта жариялау арқылы көрсетуді көздеуге. Клиент үшін Банк жаңа қызмет түрлерін көрсете бастаған жағдайда, мұндай қызмет түрлері Клиентке оның жазбаша, ауызша немесе басқаша келісімі бойынша Банктің мұндай жаңа қызмет түрін көрсету үшін белгілейтін тәсілімен көрсетілген тәртіп бойынша көрсетіледі;
- 7) Клиент берілген Несие лимитін ол берілген күннен бастап бір күннің ішінде пайдаланбаған жағдайда, Несие лимитін беруді болдырмауға немесе Байланыс арналарының бірімен Клиентке хабарлап, оны берудің Жеке талаптарын өзгертуге;
- 8) Несие лимиттерін берудің нысаналы мақсатын оны Жеке талаптарда көрсету арқылы немесе оларды бергенге дейін Байланыс арналары арқылы Клиенттің назарына жеткізу арқылы белгілеуге;
- 9) Клиентке қызмет көрсету сапасын бақылау мақсатында Клиент Банкке хабарласқан кезде онымен телефон арқылы жүргізілген келіссөздерді жазып алуға, сондай-ақ жазбаны мұндай хабарласу фактісін растау үшін пайдалануға құқылы.

3.3. Банк:

- 1) қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын немесе айып санкцияларының басқа түрлерін ұстап қалмай, Несие берген күннен бастап есептелген Сыйақыны ұстап қалып, БҚШ жасасқан күннен бастап күнгізбелік он төрт күн ішінде Несиенің қайтарылуын қабылдауға;
- 2) БҚШ бойынша борышты өтеу шотына түскен кезекті ақшаны бөлу (мерзімі өткізілген төлемдерді көрсете отырып, Негізгі борыш, Сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар және басқа да төленуі тиіс сомалар) туралы ақпаратты үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жиі дегенде айына бір рет Қарыз алушының өтінішімен ақысыз жазбаша түрде ұсынуға;
- 3) БҚШ бойынша ұсынылған ақшаны Банкке ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы Қарыз алушының өтініші бойынша оған үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде мерзімі өткізілген төлемдерді көрсете отырып, Негізгі борыш, Сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар және басқа да төленуі тиіс сомаларға бөлінген қайтарылатын соманың мөлшерін ақысыз хабарлауға;
- 4) Қарыз алушыға міндеттемені орындау мерзімінің өткенін және БҚШ бойынша төлемдер жасаудың қажеттігі туралы БҚШ-да көзделген мерзімде және тәсілмен хабарлауға;
- 5) «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде Қарыз алушының жазбаша өтінішін қарауға және оған жазбаша жауап дайындауға;
- 6) БҚШ бойынша (талап ету) құқықтарын үшінші тұлғаға берген кезде үш жұмыс күні ішінде ол туралы Қарыз алушыға берілген талап ету құқықтарының толық көлемін, Негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және басқа да төленуі тиіс сомаларға бөлінген ағымдағы және мерзімі өткізілген берешектің қалдығын, сондай-ақ Банкке немесе талап ету құқығы берілген тұлғаға жасалатын қарызды өтеу бойынша алдағы уақыттағы төлемдердің мақсатын көрсетіп, жазбаша түрде хабарлауға;
- 7) Клиентке оның сұратуы бойынша заңнамада көзделген тәсілдермен, соның ішінде Сайтта жариялау арқылы банк операцияларын жүргізудің жалпы ережелері, сондай-ақ Банк Тарифтері туралы ақпарат беруге міндеттенеді.

3.4. Қарыз алушы:

- 1) Берешекті Стандарт ережелерге, БҚШ-ға және Жеке талаптарға сәйкес өтеуге;

2) үш жұмыс күні ішінде шарттар жасасқан кезде берілген өз деректерінің өзгерісі туралы, соның ішінде Т.А.Ә., мекенжайының, жеке басын куәландыратын құжаттардың, ЖСН, үйінің телефон нөмірінің, жұмыс орнының телефон нөмірінің, жұмыс орнының (табыс алу көзінің) өзгерісі, жеке кәсіпкер мәртебесін алуы туралы, сондай-ақ Клиенттің Несиені қайтару және Сыйақы төлеу және/немесе Клиентті сәйкестендіруге әсер етуі мүмкін кез келген жағдай туралы Банкке жазбаша немесе Байланыс арналары арқылы Банк белгілеген тәртіппен және тәсілмен хабарлауға міндеттенеді.

3.5. Клиенттің БҚШ бойынша өз құқықтары мен міндеттерін Банктің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

4. ҚАРЫЗ АЛУШЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ БҰЗҒАН КЕЗДЕ БАНКТІҢ ҚОЛДНАТЫН ШАРАЛАРЫ

4.1. Клиент БҚШ бойынша, сондай-ақ Қамсыздандыру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, сондай-ақ Клиенттің БҚШ жасағанға дейін немесе кейін берген кез келген ақпараты БҚШ-ның қолданылу кезеңінде жарамсыз (шынайы емес) болған немесе болып қалған жағдайда Банктің қолданатын шаралары:

1) Клиентке қатысты шаралар қолдану туралы мәселені Банктің уәкілетті органының қарауына шығару; Берешекті сот тәртібімен және соттан тыс тәртіппен өндіріп алу; Несие беруді тоқтата тұру немесе тоқтату; БҚШ-ны біржақты тәртіппен бұзу;

2) Клиенттің БҚШ бойынша кез келген ағымдағы, сол сияқты мерзімі өткізілген міндеттемелерін (берешектерін) орындау (өтеу) үшін ақшаны (ҚР ҰБ нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен, Клиенттің талап етуімен ашылған банктік шоттардағы, Клиенттің мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдер түрінде алатын ақшасын қоспағанда): а) кез келген банкте және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған Клиенттің банк шоттарына төлемдік талап-тапсырмаларды қою арқылы акцептсіз тәртіппен; б) Клиенттің Банктегі банк шоттарын тікелей дебеттеу арқылы алу (есептен шығару);

3) ҚР АҚ-тің 728-бабында көзделген шектеулерді ескере отырып, Клиенттен БҚШ бойынша барлық міндеттемелерді мерзімінен бұрын (Банк талапты жіберген сәттен бастап күнтізбелік он күннің ішінде) орындауын (соның ішінде мерзімінен бұрын Несиені қайтаруын және Сыйақыны төлеуін) талап ету;

4) Жеке талаптарды толық немесе ішінара кері қайтарып алу, соның ішінде Ең аз төлем мен Ұсынылған төлемнің мөлшерін белгілеу;

5) Берілген қарыздар бойынша Сыйақының Ең көп бекітілген мөлшерлемесіне жеңілдіктер беруді болдырмау;

6) Клиенттен оның БҚШ бойынша міндеттемелерді бұзуына байланысты шығыстар мен шығындарды өтеуін талап ету;

7) Клиенттен төлем жасаудың мерзімін өткізген әр күнге, егер заңнамада тікелей өзгеше көзделмесе, мерзімі өткізілген Негізгі борыш пен Сыйақы сомасының 0,5%, бірақ заңнамада және БҚШ-да белгіленген шекті сомадан көп емес мөлшерде өсімпұл төлеуін талап ету;

8) Клиент қарыз алған кезде берген кез келген деректің өзгерісі туралы тиісті өзгерістер болған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде хабарламаған жағдайда – Клиенттен он мың теңге мөлшерінде айыппұл өндіріп алу;

9) қарыз Операцияларын жасауды уақытша тоқтату;

10) Несие лимитінің мөлшерін азайту;

11) Қамсыздандырудан ақы өндіріп алу және Қамсыздандыру туралы шарттарда көзделген өзге шараларды қолдану;

12) Картаға (және қосымша карталарға) тосқауыл қою, сондай-ақ Клиенттен оларды қайтарып беруін талап ету;

13) БҚШ-ны орындаудан бас тарту, соның ішінде Оңтайлы төлемді төлем мерзімін кейінге

қалдырмау;

14) Клиентке Байланыс арналары арқылы, сондай-ақ Клиенттің әлеуметтік желілердегі және өзге интернет-ресурстардағы жеке парақшасына, Банктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшасына хабарларды жариялау, месенджерлермен немесе өзге коммуникация құралдарымен хабарлар жіберу арқылы міндеттемелерді орындау мерзімінің өткізілгені және БҚШ бойынша төлемдерді күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей төлеу қажеттігі туралы хабарлау;

15) Берешек сомасын қайтару жұмыстарын жүргізу мақсатында кез келген үшінші тұлғаға, соның ішінде Клиенттің жұмыс берушісіне, атап айтқанда бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау арқылы банк құпиясын құрайтын ақпаратты және Клиент хабарлаған өзге мәліметтерді ашу;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге шараларды қолдану.

4.2. Стандарт ережелерде көрсетілген шараларды Банк БҚШ немесе Қамсыздандыру туралы шарт бойынша кез келген өзге міндеттемелерін орындамаған кезде немесе олардың орын алуының нақты қаупі төнген кезде, соның ішінде Қарыз алушыда Несие бойынша кезекті төлемді өтеу үшін қаражаты болмаған кезде және олардың түсуінің болашағы болмағанда, шартты жасасқанда немесе қарыз Операцияларын жасағанда Қарыз алушының шынайы емес мәліметтерді беру фактісі анықталғанда, егер Клиент сот процесіне тартылса және/немесе оның шотына тыйым салынғанда немесе одан өндіріп алынғанда (немесе мұның нақты қаупі болғанда), Клиентті психоневрологиялық диспансерлерге, психиатриялық клиникаларға, есірткіге немесе алкогольге тәуелді болуынан емдеу үшін клиникаларға жатқызылғаны туралы ақпаратты алған кезде, сондай-ақ, Банктің пікірінше, Қарыз алушының төлем қабілеттігіне және оның БҚШ бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындау мүмкіндігіне жағымсыз әсер етуі мүмкін басқа жағдайларда Клиенттің борыштық жүктемесінің ұлғаюын болдырмау үшін қолдануға құқылы. Берешекті мерзімінен бұрын өтеу талабын қойған жағдайларда, сондай-ақ басқа жағдайларда, Банк сондай-ақ берілген Несие бойынша Сыйақы мен Банкке тиесілі басқа төлемдер, соның ішінде комиссиялар мен айып санкциялары (тұрақсыздық айыбы мен өзгесі) және/немесе олардың ары қарай есептелуі түріндегі кірістерді мойындауды тоқтата тұруға құқылы.

4.3. Мына жағдайларда:

1) Қарыз алушы Банк алдындағы өз міндеттемелерін бұзғанда;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк жүргізген мониторингтің нәтижесі бойынша анықталған Қарыз алушының қаржылық жағдайы нашарлағанда;

3) Банктің БҚШ-ны тиісінше орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары өзгергенде;

4) егер Несие берудің нәтижесінде Банк мемлекеттік органдар белгілеген нормативтерінің кез келгенін, оған қоса, бірақ шектелмей, пруденциалдық нормативтер туралы ережелерді бұзғанда;

5) егер Қарыз алушының және/немесе Қамсыздандыруды берген үшінші тұлғаның банктік шот(тар)ындағы ақшаға тыйым салынғанда немесе өндіріп алынғанда немесе мұның іс жүзінде қаупі бар болса немесе Банк аталған тұлғалардың басқа ақшасының есебінен орындай алмайтын инкассалық өкім және/немесе төлемдік талап-тапсырма қойылғанда;

б) егер төменде көрсетілген жағдайлардың кез келгені басталғанда немесе, Банктің пікірінше, Қарыз алушының, Қамсыздандыруды берген үшінші тұлғаның БҚШ және/немесе Қамсыздандыру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы (тиісінше орындамауы) қаупі болса, оған қоса, бірақ шектелмей, мынадай: Қарыз алушының/Жұмыс берушінің Банктің жазбаша хабарламасының негізінде алған Қарыз алушының Жұмыс берушімен еңбек қатынастарының тоқтатылуы (соның ішінде алдағы болатыны) туралы ақпараттың немесе Банкке басқа дереккөздерден түскен ақпараттың болуы немесе анықталуы; әлдекімнің БҚШ-ның және/немесе Қамсыздандыру туралы шарттың жарамдылығын даулауы; егер Қарыз алушының және (немесе) үшінші тұлғаның Банкке берген құжаттары және (немесе) ақпараты шынайы және (немесе) толық болмаса; Қарыз алушы қайтыс болғанда немесе хабар-ошарсыз

кеткенде; Қарыз алушыда үшінші тұлғаның алдында Берешектен артық сомаға міндеттемелері туындағанда немесе болғаны анықталғанда; Қарыз алушы өзінің растамалары мен кепілдіктерінің кез келгенін бұзғанда; Қарыз алушының Банк алдындағы міндеттемелерін бұзуына әкеліп соқтырған немесе әкеліп соқтыруы мүмкін заңнама талаптарын Қарыз алушы бұзғанда; Қарыз алушы және/немесе Қамсыздандыруды берген үшінші тұлға үшінші тұлғалардың алдындағы міндеттемелерінің кез келгенін бұзғанда; Қамсыздандырудың құжаттар бойынша және іс жүзінде болуын, мөлшерін, жай-күйі мен сақтау жағдайларын тексеруге Банктің кез келген себеп бойынша мүмкіндігі болмағанда; Несиені мақсатына сай пайдаланбағанда және (немесе) Несиенің мақсатына сай пайдаланылғанын растау үшін қажет құжаттаманы уақтылы бермегенде; Қарыз алушы немесе кепілгер немесе үшінші тұлға туралы жағымсыз ақпарат анықталғанда; Қамсыздандыруды (кепіл мүлкін) қайта бағалаудың нәтижесі бойынша оның құнының арзандауы және (немесе) Қамсыздандырудың жоғалуы, кепіл мүлкінің сақтандыру шартының болмауы немесе көзделген сақтандыру жабынының немесе сақтандыру жағдайларының жеткіліксіз болуы, сондай-ақ, Банктің пікірінше, Қамсыздандырудың (кепіл мүлкінің) құнының елеулі арзандауына әкеліп соқтырған оның жай-күйінің кез келген өзгерісі; БҚШ-ның қолданысының кез келген уақытында Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауы; Банктің талап етуімен Несиені өтеу көзі болып табылатын табысты көрсететін әрі растайтын (Банктің талаптарын қанағаттандыратын) құжаттарды бермеу; Қарыз алушының және (немесе) Қамсыздандыруды берген үшінші тұлғаның азаматтығының өзгеруі және (немесе) аталған тұлғалардың уақытша немесе тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасынан тысқары көшіп кетуі сияқты жағдайлардың кез келгеніне байланысты Банк біржақты тәртіппен Несие беруді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға, сондай-ақ Оңтайлы төлемді төлеу мерзімін кейінге қалдыруды тоқтатуға құқылы.

5. БАНККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ШЕКТЕУЛЕР

5.1. Банктің:

- 1) БҚШ-ны жасасқан күні белгіленген тарифтердің, комиссиялық Сыйақылар мен қарызға қызмет көрсету бойынша басқа да шығыстардың мөлшерін және есептеу тәртібін көбейту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге;
- 2) жасалған БҚШ аясында комиссияның жаңа түрлерін біржақты тәртіппен енгізуге;
- 3) егер қарыз беру туралы ережелерде сақтандыру шарттарын жасасу туралы және (немесе) Қамсыздандыру болып табылатын мүліктің нарықтық құнын анықтау мақсатында бағалау жүргізуге талаптар көзделген болса, Қарыз алушыны, кепіл берушіні сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдаған кезде шектеуге, сондай-ақ Қарыз алушыға өзінің өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеуге;
- 4) Стандарт ережелерде және БҚШ-да көзделген жағдайларды қоспағанда, жасалған шарттың аясында жаңа қарыздар беруді біржақты тәртіппен тоқтата тұруға;
- 5) қарыздарды мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын немесе айып санкцияларының басқа түрлерін өндіріп алуға;
- 6) егер Негізгі борышты немесе Сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен болса және Сыйақыны немесе Негізгі борышты одан кейінгі жұмыс күні төлеген жағдайда, тұрақсыздық айыбын және айып санкцияларының басқа түрлерін өндіріп алуға құқығы жоқ.

6. НЕСИЕНІ ӨТЕУ КЕЗЕКТІЛІГІ

6.1. Несие бойынша берешекті өтеу кезектілігі, ол БҚШ бойынша қарыз алушының міндеттемелерін орындауға жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

- 1) Негізгі борыш бойынша берешек;
- 2) Сыйақы бойынша берешек;
- 3) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);

- 4) ағымдағы төлемдер кезеңіндегі Негізгі борыштың сомасы;
- 5) ағымдағы төлемдер кезеңінде есептелген Сыйақы;
- 6) орындау алу бойынша Банктің шығасылары.

Төлем мерзімі қатарынан күнтізбелік 180 күн өткізілгенде Қарыз алушының БҚШ бойынша жасаған төлемінің сомасы, ол Қарыз алушының БҚШ бойынша міндеттемелерін орындауына жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

- 1) Негізгі борыш бойынша берешек;
- 2) Сыйақы бойынша берешек;
- 3) ағымдағы төлемдер кезеңіндегі Негізгі борыштың сомасы;
- 4) ағымдағы төлемдер кезеңінде есептелген Сыйақы;
- 5) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 6) орындау алу бойынша Банктің шығасылары.

6.2. Байланыс арналары арқылы жасалған Банктің тиісті ұсынысы болған кезде, Клиент Банктің ұсынған Берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаны бөлу нұсқаларын таңдауға құқылы.

7. НЕСИЕ ЖЕЛІСІНІҢ/НЕСИЕНІҢ ТАЛАПТАРЫ

7.1. Несие желісінің мерзімі БҚШ-ны жасасқан күннен бастап жиырма жылды құрайды.

7.2. Клиенттің Банк алдындағы Берешегі мыналардың нәтижесінде: Клиент қарыз Операциясын жасағанда; Банк Сыйақы есептегенде; Банк Клиенттің төлеуге тиіс төлемдері мен комиссияларын есептегенде; Берешектің туындауына әкеп соқтырған басқа да жағдайларда туындайды.

7.3. Банктің шотына ақша түскен күн БҚШ бойынша төлем жасалған күн болып саналады. Егер Банктің шотына ақша Астана уақытымен сағат 20.00-ге дейін түссе, мұндай төлемді Клиент ағымдағы күні жасаған болып саналады.

7.4. Несие желісінің Ең көп сомасы Несие лимитінің Ең көп мөлшері болып табылады.

7.5. Жасалған БҚШ-ға сәйкес берілетін Несие лимитінің мөлшерін Банк Клиенттің Банкке берген ақпаратының, сондай-ақ Клиенттің несие скорингінің нәтижесі бойынша, кредит бюросының деректер базасындағы ақпаратты қосқанда, басқа да қолда бар мәліметтердің негізінде өз бетінше анықтайды. Несие лимитін өтегеннен кейін немесе оның қолданылу мерзімінде Банк Клиентке жаңа Несие лимитін/қосымша Несие лимитін беруге құқылы. Клиенттің Несие лимитін пайдалануы Банктің Несие лимитін белгілеуімен және оның мөлшерімен келісімі болып табылады.

7.6. Банк белгілеген Несие лимиті Клиентке оны берген сәттен бастап қолжетімді болады. Несие лимиті тек Картаны және Картаға қызмет көрсету шотын пайдалану арқылы қолжетімді. Картаға банктік қызмет көрсету шарты бұзылған жағдайда, Несие лимитіне қолжетімділік тоқтатылады және Клиент Банкке Берешекті шарттың мерзімі тоқтатылған Есептесу кезеңі аяқталатын күннен кешіктірмей БҚШ бойынша Оңтайлы төлем жасау арқылы өтеуге міндетті.

7.7. Несие лимитінің мөлшерін ұлғайту немесе жаңа Несие лимитін беру туралы Клиентке хабарлау не жазбаша хабарлама жолдау арқылы, не Клиенттің Телефон нөміріне SMS-хабар жолдау арқылы немесе басқа Байланыс арнасы арқылы жүзеге асырылады. Бұл кезде қайта берілген Несие лимиті бұрын берілген Несие лимитінің мөлшерінен аз немесе көп болуы мүмкін және Банк оны берген күннен бастап Клиентке қолжетімді болады.

7.8. Банк Ең аз төлем немесе Ұсынылған төлем мөлшерін азайтқан жағдайда, Несиелеу мерзімі

төлем мөлшерінің азаюына сәйкес ұлғайтылады.

7.9. Жеке талаптарды Банк өз қалауымен анықтайды және егер Банк Жеке талаптардың қолданысының басқа уақыт кезеңін анықтамаса, олар бір айдың ішінде қолданылады және Стандарт ережелермен салыстырғанда Клиенттің жағдайын нашарлататын талаптарды көздей алмайды. Стандарт ережелермен салыстырғанда Несие желісінің Ең көп сомасының неғұрлым жоғары мөлшерін, Несиенің және/немесе Несие желісінің неғұрлым ұзақ мерзімін, банктік қызмет көрсету қызметінің неғұрлым жоғары құнын көздейтін Жеке талаптарды Банк Клиенттен жазбаша түрде немесе Байланыс арналары арқылы келісім алынған жағдайда беруі мүмкін. Банктің шарттарда көзделген жағдайларда қосымша хабарлама жолдамастан немесе мұны Байланыс арналары арқылы жолдай отырып, Жеке талаптарды толық немесе бөлігін қайтарып алуға құқығы бар.

7.10. Несиеге қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар тек Тараптардың келісімімен, Стандарт ережелерде көзделген тәртіппен және жағдайларда комиссия мөлшерлерін азайту (соның ішінде уақытша) жағдайларын қоспағанда, өзгертілуі тиіс.

7.11. Овердрафт болған кезде және/немесе Клиенттің Ең аз төлемнің төленбеген бөлігі болған кезде, келесі Ең аз төлем Банктің қалауы бойынша Овердрафт сомасына және/немесе Ең аз төлемнің төленбеген бөлігіне көбейтіледі.

7.12. Банкпен ерекше қарым-қатынаспен байланысты тұлға болып табылатын Клиентке Несие лимитін берген жағдайда, Банктің ішкі нормативтік құжаттарының қағидаларын ескере отырып, берілген Несие лимитін қамсыздандыру үшін жеткілікті сомаға Қамсыздандыруды беру туралы тиісті шарттың талаптарына сай Қамсыздандыруды берген күннен ерте емес мерзімде Несие лимиті қолжетімді болады.

7.13. Операцияларды Артықшылықты блокқа қосу жаңартылатын Несие лимитінің есебінен немесе Банктің қалауы бойынша қосымша жаңартылмайтын Несие лимитін беру арқылы толығымен немесе ішінара жүзеге асырылуы мүмкін.

7.14. Картаға қызмет көрсету шотына немесе Қамсыздандыру жарнасы үшін Оңтайлы төлем мөлшерінен аз сомада түскен ақша, егер Банк жүргізген біржақты жақсартуларда өзгесі көзделмесе, Берешекті өтеуге мынаған сай бөлінеді:

1) Ең аз төлем мөлшеріндегі ақшаның бөлігі (Артықшылықты блокқа қосылған барлық Несие лимиттері бойынша) ағымдағы Есептесу кезеңінің соңында Берешекті өтеуге есептен шығарылады;

2) Артықшылықты блокқа қосылмаған қарыз Операциялары бойынша Берешекті өтеуге жеткілікті ақшаның бөлігі мұндай операциялар бойынша (олар болған кезде) Берешекті мерзімінен бұрын/толық өтеуге жіберіледі.

Картаға қызмет көрсету шотында ақша сомасының қалдығы бар болған жағдайда, Берешек болған кезде (Артықшылықты блокқа қосылған барлық Несие лимиттері бойынша) ақша Ең аз төлем сомасында әрбір келесі Есептесу кезеңінің соңында Қамсыздандыру жарнасы үшін аударылады және Берешекті өтеуге есептен шығарылады.

7.15. Артықшылықты блокқа қосылған Операцияларға мынадай бір немесе бірнеше негізгі артықшылықтар қолданылады:

1) Сыйақы мөлшерлемесін азайту;

2) Қандай да бір комиссия мөлшерлемесін немесе ақыны азайту;

3) Төлемдер кестесін беру;

4) Артықшылықты блокқа қосылған нақты бір қарыз Операциясынан туындаған Берешектің бөлігін өтеу үшін Клиенттің қалауы бойынша Төлем жасау мүмкіндігі;

5) Банктік қызмет көрсетуді немесе қарыз талаптарын өзге қосымша жақсарту.

7.16. Артықшылықты блокқа қосылған Операцияларға мынадай бір немесе бірнеше шектеулер қолданылады:

1) Клиенттің таңдауы бойынша төлем үш Ең аз төлем сомасынан немесе үш Ұсынылған төлем сомасынан (егер Банк одан өзге, азырақ соманы анықтамаса) кем болмауы тиіс және Банк белгілеген нысан бойыншанемесе Банк белгілеген Байланыс арнасы арқылы Клиенттің Берешекті өтеу туралы жазбаша өтінішін беруі арқылы жүзеге асырылады;

2) Артықшылықты блокқа қосылған нақты қарыз Операциясынан туындаған Берешектің бөлігін өтеу үшін Клиенттің таңдауы бойынша Төлем Операцияны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін Клиенттің жазбаша немесе Байланыс арналары арқылы жолдаған тиісті өтінішінің негізінде жасалады. Бұл жағдайда Клиент ағымдағы Есептесу кезеңі аяқталатын күннен кешіктірмей ағымдағы Есептесу кезеңі үшін Ең аз төлемді төлеуге міндетті.

8. НЕСИЕНІ ӨТЕУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

8.1. Өтеу тәсілі – қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз.

8.2. Ұсынылған төлемді, Ең аз төлемді, Клиенттің таңдауы бойынша төлемді төлеу әдісімен Берешекті өтеген кезде Банк келесі Есептесу кезеңі аяқталғанға дейін Оңтайлы төлемді төлеуді кейінге қалдырады.

8.3. Оңтайлы төлемнің мөлшері Қарыз алушыға оның сұратуы бойынша хабарланады және ағымдағы Есептесу кезеңі аяқталған күнгі жағдай бойынша Банкке тиесілі төлемдер ескерілгенде, сұрату берілген күні жасалған қарыз Операциялары сомасының негізінде есептеледі және Байланыс арналарының бірі арқылы Қарыз алушының назарына жеткізіледі. Оңтайлы төлемнің сомасын хабарлағаннан кейін Банкке Карта бойынша жасалған және Оңтайлы төлемді есептеген кезде ескерілмеген өзге Операциялар туралы мәліметтер белгілі болған жағдайда немесе Клиент Оңтайлы төлем есептелген Есептесу кезеңі аяқталғанға дейін қандай да бір Операцияны жасаған жағдайда, Оңтайлы төлемнің мөлшері жасалған Операциялар сомасының негізінде қайта есептеледі.

8.4. Банк Есептесу кезеңіндегі Ұсынылған төлемнің сомасын бір жыл ішінде толығымен пайдаланған Несие лимитінің өтелуі негізінде немесе Банк анықтаған өзге параметрлердің негізінде, соның ішінде Клиенттің сұратуы бойынша есептейді. Ұсынылған төлемнің мөлшері көрсетілмеген кезде Ұсынылған төлемнің мөлшері Оңтайлы төлемнің мөлшеріне тең. Банк белгілеген Ұсынылған төлемнің мөлшері туралы Клиентке Жеке талаптарда соманы көрсету арқылы немесе SMS-хабар жіберу арқылы немесе өзге де Байланыс арналары арқылы хабарланады.

8.5. Банк Есептесу кезеңіндегі Ең аз төлем сомасын Несие лимитінің мөлшерінен немесе Берешек сомасынан немесе бекітілген мөлшерде есептейді және ол Клиенттің несиелік скорингінің нәтижелеріне байланысты Банктің қалауы бойынша Жеке талаптарда (Түпкілікті шот-көшірмені берген жағдайларды қоспағанда) айқындалады. Банк белгілеген Ең аз төлемнің мөлшері туралы Клиентке Жеке талаптарда соманы көрсету арқылы немесе Банктің қалауы бойынша SMS-хабар жіберу арқылы немесе өзге де Байланыс арналары арқылы хабарланады.

8.6. Жеке талаптарда өзгесі көзделмесе және Банк оны Байланыс арналарының бірі арқылы хабарламаса, әрбір келесі Есептесу кезеңіндегі Операцияларды есепке алу алдыңғы Есептесу кезеңі аяқталған күні басталады.

8.7. Есептесу кезеңінің күнін өзгерту Клиентке Байланыс арналарының бірімен хабарлау

арқылы Банктің ұсынысының болуымен шетелетін Клиенттің таңдауы бойынша электрондық терминалдың интерактивті мәзірі арқылы немесе Клиенттің Жеке кабинеті арқылы немесе өзге Байланыс арналары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Қарыз алушы растайтын әрекеттерді орындаған жағдайда, Есептесу кезеңінің күні Қарыз алушының нұсқауымен өзгертілген болып саналады және қосымша келісім жасасу талап етілмейді.

8.8. Банк Қамсыздандыру жарнасының берілуін талап етуге құқылы, оны Банк Берешекті өтеу үшін пайдалана алады.

8.9. Қамсыздандыру жарнасы Банктің айқындайтын және www.kaspibank.kz мекенжайындағы Банктің интернет-ресурсында жарияланатын тәртіппен және талаптарда беріледі.

8.10. Банк кез келген үшінші тұлғаның БҚШ бойынша міндеттемелерді орындауын қабылдауға құқылы.

8.11. Стандарт ережелерде немесе Жеке талаптарда көзделген жағдайларды қоспағанда, Картаға қызмет көрсету шотындағы немесе Қамсыздандыру жарнасындағы ақшаны Банк Берешекті мерзімінен бұрын өтеу есебіне толық көлемде есептен шығарады. Берешекті мерзімінен бұрын өтеудің басқа тәсілі Байланыс арналарының бірі арқылы Клиенттің назарына жеткізіледі. Клиент өтеудің Банк ұсынған тәсілімен келісетінін Байланыс арналары арқылы білдіреді.

8.12. Клиент Берешекті толық немесе ішінара өтеуге өтінішті жазбаша немесе Банкте көзделген Байланыс арналары арқылы береді.

9. БҚШ БОЙЫНША АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ БЕРУ

9.1. Клиентке шот-көшірме Клиенттің Жеке кабинетіне орналастыру арқылы немесе Банк айқындаған өзге Байланыс арналары арқылы беріледі. Есептесу кезеңінде Операциялар және Берешек болмаған жағдайларда, сондай-ақ Артықшылықты блокқа қосылған қарыз Операциялары бойынша Берешек болмаған жағдайда, шот-көшірме жіберілмеуі мүмкін.

9.2. БҚШ бойынша Банктің алдында Берешек болған кезде мына жағдайларда:

- 1) Клиентке БҚШ-ны бұзу туралы талап жіберілгенде және/немесе Картаны қайтару туралы талап жіберілген кезде;
- 2) БҚШ тоқтатылған кезде;
- 3) БҚШ бойынша төлем жасау мерзімін кейінге қалдыру тоқтатылған кезде;
- 4) БҚШ-ны бұзуға байланысты Клиенттің талап етуі бойынша (тиісінше жазбаша өтініш немесе Банк айқындаған Байланыс арнасы бойынша өтініш бар болған кезде) Клиентке Түпкілікті Шот-көшірме жіберіледі.

9.3. Түпкілікті Шот-көшірмеде көрсетілген Клиенттің берешегін Клиент Түпкілікті Шот-көшірмеде көрсетілген немесе Банк Байланыс арнасы арқылы хабарлаған мерзім аяқталған күннен кешіктірмей төлеуі тиіс.

9.4. Банк Клиентке Түпкілікті Шот-көшірмені берген күннен кейін Банк Түпкілікті Шот-көшірмеде көрсетілген Берешектің көбеюіне әкеп соқтырған оқиғалар мен фактілер туралы мәліметтерді алған жағдайда (соның ішінде Банк Төлем жүйесінен Шоттағы ақша жеткіліксіз болған кезде Картаны, қосымша Карталарды пайдаланып шығыс Операцияларының жасалуын растайтын есептесу құжаттарын алған жағдайда), Банк Клиентке жоғарыда аталған Түпкілікті Шот-көшірмені берген күннен бастап қырық бес күнтізбелік күннің ішінде Клиентке Берешектің жаңа мөлшері есепке алынған, түзетілген Түпкілікті Шот-көшірмені беруге құқылы,

ал Клиент осындай түзетілген Түпкілікті Шот-көшірмеде (Банк бұрын берген Түпкілікті Шот-көшірменің негізінде Клиент төлеп қойған соманы есепке алатын) белгіленген мөлшерде және мерзімде Берешекті төлеуге міндетті.

9.5. БҚШ бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізу және төлемдер жасау қажеттігі туралы Клиенттің телефон нөміріне SMS-хабар жолдау арқылы немесе Сайтта мерзімін өткізген борышкерлердің қатарына клиенттің БҚШ нөмірін көрсету арқылы немесе басқа да Байланыс арналары арқылы бірінші рет мерзімінен өткізген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Клиентке бір рет хабарланады. Банк сондай-ақ Клиентке БҚШ бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізу және төлемдер жасау қажеттігі туралы Клиенттің әлеуметтік желілердегі және өзге интернет-ресурстардағы жеке парақшасына, Банктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшасына хабарларды жариялау, Клиент туралы мәліметтердің негізінде осындай коммуникацияларды пайдаланушыны Клиент ретінде сәйкестірген жағдайда, осындай месенджерлермен, өзге коммуникация құралдарымен хабарлар жіберу арқылы хабарлауға құқылы.

9.6. Стандарт ережелерде көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің кез келген хабарламасы немесе сұратуы жазбаша түрде берілуі керек. Мұндай Хабарлама немесе сұрату егер олар Банктің мекенжайына поштамен немесе курьерлік байланыс арқылы жіберілсе, Банкке тиісінше жіберілген болып саналады.

9.7. Байланыс арналарын пайдалануымен Клиент қажетті құпиялылық режимін қамтамасыз еткенін, барлық қажетті, соның ішінде зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалардан қорғану үшін техникалық және бағдарламалық ресурстары бар екенін растайды.

9.8. Хат жазысу, Операциялар жүргізу және мәмілелер мен басқа да іс-әрекеттерді жасау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда электрондық цифрлық қолтаңба немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғану әрекеттерінің элементтері қолдану арқылы қорғалған Байланыс арналары пайдаланылуы мүмкін.

9.9. Жазысқан хаттар мен хабарламалар және БҚШ-ның аясындағы өзге құжаттар Клиент Өтінішті ұсынған тілде жасалады.

9.10. Банк пошта арқылы хабарларды жіберуі үшін Клиенттің Өтініште көрсетілген пошталық мекенжайын, ал ол өзгерген кезде – БҚШ-ға сай Банкке хабарланған мекенжайды пайдаланады.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

10.1. Клиент БҚШ бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Банктің өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Клиенттің кез келген мүлкін және мүліктік құқықтарын мәжбүрлеп өндіріп алуды қосқанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кез келген шараны қолдануға құқығы бар.

10.2. БҚШ-да немесе Жеке талаптарда Ең аз төлемді төлеу күні ретінде көрсетілген мерзімде Ең аз төлемді төлеу міндеттемесін орындамау Клиенттің БҚШ бойынша міндеттемелерін бұзғаны болып табылады, бұл ретте Банк Ең аз төлемдерді төлемегені немесе уақтылы төлемегені үшін БҚШ-ға сәйкес өсімпұл төлеуін талап етуге құқылы.

10.3. Банк:

- 1) БҚШ бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайлар үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш жағдайларының, соның ішінде электр энергиясын сөндіру, байланыс желісінің зақымдалуы, өрт және Банктің еркінен тыс басқа жағдайлардың басталуы салдарынан болса, жауапкершілік атқармайды. Жоғарыда аталған жағдайлар мен олардың салдары тоқтағаннан кейін Банк БҚШ бойынша өз міндеттемелерін орындайды;
- 2) егер Банкке қатысы жоқ себептер бойынша ЖСН-код, Клиентті динамикалық сәйкестендіру жүйесінің коды және/немесе Клиенттің Кіру коды, Жеке кабинеттің логині және/немесе паролі үшінші тұлғаларға қолжетімді болса, Банктің банктік құпияны құрайтын ақпаратты Байланыс арналары арқылы хабарлауынан болған ықтимал шығындар мен басқа да жағымсыз салдар үшін;
- 3) Клиенттің қолын қойып, берген тиісті жазбаша құжатының негізінде, онда бар ақпараттың шынайылығына қарамастан, өзі жасаған кез келген әрекет немесе әрекетсіздік үшін, сондай-ақ Клиенттің берген құжаттарында қойылған қолдардың түпнұсқалығы үшін;
- 4) үшінші тұлғаның Операцияны жүргізу үшін Картаны қабылдаудан бас тартуын, сондай-ақ қандай да бір апаттар, бағдарламалық және/немесе техникалық құралдардың қызмет көрсетуіндегі жаңылыстар немесе кідірістерді қоса алғанда, Банктің кінәсінен туындамаған салдарлар мен жағдайлар үшін жауапкершілік атқармайды.

10.4. Үшінші тұлғалар Клиенттің шоттарынан ақшаны есептен шығарған жағдайда Банк жауапкершілік атқармайды.

10.5. Кез келген жағдайда Клиенттің алдындағы Банктің жауапкершілігі Банктің Клиентке әдейі немесе дөрекі ұқыпсыздықпен жасалған әрекетінен немесе әрекетсіздігінен келтірілген, құжатпен расталған тікелей нақты залал мөлшерімен шектеледі. Жіберілген пайда, жанама, үстеме немесе кездейсоқ шығындар немесе залал, соның ішінде Банк олардың туындау ықтималдығы туралы хабардар болған жағдайларда өтелмейді.

10.6. Клиент кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде, Клиент БҚШ бойынша міндеттемелерді орындау үшін пайдаланылатын Шоттарды пайдаланған жағдайда, Клиент міндеттемені бұзуға байланысты Банктің шеккен барлық/кез келген шығынын Банкке толық мөлшерде өтейді.

10.7. Жеке тұлғамен жасалған БҚШ бойынша қарыз сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімін өткізіп алудың тоқсан күні ішінде мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 пайызынан аспауға тиіс, мерзімін өткізіп алудың тоқсан күні өткеннен кейін мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,03 пайызынан аспауға, бірақ БҚШ қолданылатын әрбір жылға берілген қарыз сомасының он пайызынан артық болмауға тиіс.

11. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ, МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БҰЗУ, БҚШ-дан БАС ТАРТУ

11.1. БҚШ-ның талаптарын біржақты өзгертуге Стандарт ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда ғана жол беріледі.

11.2. Банк БҚШ-ның талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы, оларды өз қалауы бойынша Стандарт ережелерде көзделген тәртіппен Клиент үшін тек жақсарту жағына қарай өзгерте алады. Бұл жағдайда қосымша келісім жасасу талап етілмейді. Мұндай өзгерістер туралы Клиентке қашықтан байланысу арналары арқылы хабарланады. БҚШ-ны Клиент үшін жақсарту жағына өзгерту, соның ішінде егер Клиент кез келген себеппен мұндай өзгерістер туралы хабарламаны алмаса, Банк пен Клиенттің арасындағы қатынастарға қолданылады.

11.3. Банк БҚШ-ның талаптарын біржақты тәртіппен, бір ай мерзімге немесе Банк анықтаған өзге уақыт аралығына талаптарын Клиент үшін жақсарту жағына қарай өзгертуге. БҚШ-ға қол қою арқылы Клиент үшін банк қарызы талаптарының жақсаруы мыналар екенімен Клиент келіседі, атап айтқанда:

- 1) банк қарызына қызмет көрсетуге байланысты көрсетілетін қызметтер үшін комиссияларды және өзге де төлемдерді азайту жағына қарай өзгерту немесе толық күшін жою;
- 2) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту жағына қарай өзгерту немесе толық күшін жою;
- 3) БҚШ бойынша төлемдерді кейінге қалдыру және (немесе) ұзарту;
- 4) Сыйақы мөлшерлемесінің көлемін азайту;
- 5) берешекті өтеу бойынша төлем жасаудың мерзімін ұзарту;
- 6) БҚШ-да көзделген комиссиялар мен басқа да комиссиялардың, соның ішінде Карта бойынша мөлшерлемесінің көлемін азайту;
- 7) Несие лимитінің мөлшерін ұлғайту;
- 8) Операцияларды Артықшылықты блокқа қосу;
- 9) Несие лимитінің жаңартылуын қосу (БҚШ-ның қолданылу кезеңінде Банк Несие лимитінің жаңартылуын қосады және бұл Несие лимитінің Қолжетімді қалдығы Негізгі борыштың өтелген бөлігінің сомасына көбейтілетінін білдіреді);
- 10) Несие және/немесе Берешек бойынша сыйақыны капиталдандыру;
- 11) БҚШ бойынша Жеке талаптарды беру;
- 12) Жеңілдік кезеңін, Промо-кезеңді беру;
- 13) Берешекті өтеу кезектілігін өзгерту, ол төмендегі кезектіліктің жоғарыда тұрған кезекке дейін Берешекті басымдықпен өтеуді көздейді;
- 14) Берешекті өтеу кезектілігін өзгерту, ол Несиенің басқа Операциялары бойынша Берешекті өтегенге дейін Артықшылықты блокқа қосылған Операциялар бойынша Берешекті басымдықпен өтеуді көздейді;
- 15) Жаңа Несие лимитін беру;
- 16) Артықшылықты блокқа қосылған қарыз операциясын өтеу тәртібін Клиент үшін жақсарту жағына қарай өзгерту;
- 17) Кешірек мерзімге ауыстыру арқылы Есептесу кезеңі аяқталатын күнді өзгерту;
- 18) Банктің Берешекті капиталдандырылған Берешекті қайта берілетін Несие лимитінің есебінен өтеу арқылы қайта қаржыландыруы;
- 19) Несие желісінің Ең көп сомасын көбейту;
- 20) Клиентке БҚШ талаптарының өзге жақсартуын беру;
- 21) Несиелеу мерзімін тиісінше ұлғайтып, берілген бір немесе бірнеше Несие лимиттері бойынша Ең аз төлемнің немесе Ұсынылған төлемнің мөлшерін азайту.

11.4. Банк Клиентке Банктің таңдауы бойынша Байланыс арналарының біреуі арқылы БҚШ-ның талаптарын Клиент үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерткені туралы хабарлайды.

11.5. Банктің жүзеге асырылған БҚШ жақсартулары туралы Клиентке хабарлаған күнінен бастап күнтізбелік он төрт күннің ішінде берілген жақсартулардан бас тарту туралы жазбаша хабарламасын Банкке жолдау арқылы Клиент Банктің біржақты тәртіппен жүзеге асырған БҚШ талаптарының өзгерістерінен бас тартуға құқылы.

11.6. Банк Несиеге қызмет көрсетуге байланысы жоқ комиссиялар мен Тарифтерді біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Бұл жағдайда қосымша келісім жасасу талап етілмейді. Несиеге қызмет көрсетуге байланысы жоқ өзгертілген Банк Тарифтері мұндай банктік қызмет көрсетуді реттейтін шарттың талаптарына сәйкес өзгертілген түрінде күшіне енеді.

11.7. Банктің жаңа Тарифтерін Банктің операциялық залдарында және/немесе Сайтта орналастырған жағдайда, Банк Клиентке Банктің Тарифтерінің өзгерістері туралы тиісті түрде хабарлаған болып саналады.

11.8. Пошта ұйымы берген күні жолданған болып саналатын пошталық хабарламаларды қоспағанда, Байланыс арнасы арқылы хабарлама жолданған күні Банк Клиентке БҚШ-ның біржақты өзгерісі туралы тиісті түрде хабарлаған болып саналады.

11.9. БҚШ Түпкілікті Шот-көшірмеге сәйкес Берешек болмаған кезде Клиенттің өтініші бойынша немесе Банктің қалауы бойынша бұзылуы мүмкін.

11.10. БҚШ-ның талаптарында және заңнамада реттелмеген бөлігінде БҚШ-ны орындауға байланысты мәмілелер, соның ішінде БҚШ-ның талаптарын және Жеке талаптарды өзгерту Банк көздеген тәсілмен Байланыс арналарымен хабарламаларды алмасу арқылы, атап айтқанда Клиентті динамикалық сәйкестендіру жүйесінің кодын, ЖСН-кодты енгізу арқылы, электрондық және өзге құжаттарды алмасу арқылы және басқа да тәсілдермен жасалуы мүмкін.

12. ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР

12.1. Картаны, сондай-ақ Шоттарды беру және оған қызмет көрсетудің және Картаны пайдалану арқылы қолжетімді болатын Банк пен үшінші тұлғалардың қызмет көрсету талаптары жеке жасалатын шарттың талаптарында айқындалады.

12.2. Картаға қызмет көрсету туралы шартта (Тараптар жеке жасасады) анықталатын тәртіппен Картаның қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуға болады. Картаның қолданылу мерзімінің өтуі БҚШ-ның қолданысын тоқтатпайды.

12.3. Тараптар басқа Тараптан алынған банктік, коммерциялық және басқа да ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді. Мұндай ақпарат заңнамада тура көзделген жағдайларда немесе басқа Тараптың жазбаша келісімімен немесе Клиенттің жазбаша келісінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғаларға беріледі (баспада жарияланады немесе жария етіледі және т.с.с.).

12.4. Клиент Банкке банк құпиясын және дербес деректерді құрайтын мәліметтер мен ақпаратты, егер, Банктің пікірінше, Клиенттің әрекеттерінде қылмыс белгілері бар болса, заңнамада көзделген тәртіппен, сондай-ақ Клиенттің жазбаша келісімдерінде көрсетілген жағдайларда анықтау және алдын ала тергеу органдарына жария етуге және беруге құқық береді.

12.5. Банк пен Клиенттің арасында жасалған шарттарда тікелей көзделген жағдайда ғана Стандарт ережелер Банк пен Клиенттің арасындағы қатынастарға қолданылады. Тиісті түрдегі шарттар үшін Банк әзірлеген және баспада жарияланған өзге үлгілік ережелер, Банк Клиентке Байланыс арналары арқылы тиісті хабарламаны жолдаған жағдайда, мұндай үлгілік ережелерде көзделген жағдайларда және тәртіппен Клиент пен Банктің арасындағы қатынастарға қолданылуы мүмкін.

12.6. Банктің Несие беру, Шот ашу үшін қажетті құжаттарды қабылдауы Банктің басқа мұндай шарттарды міндетті түрде жасасуына әкеліп соқтырмайды. Банк белгіленген тәртіппен шарттар жасалатын сәтке дейін Стандарт ережелерде көзделген қызметті көрсетуге және міндеттемелерді өз мойнына алуға міндетті емес.

12.7. Шарттар жасалған жағдайда, оның қосымшаларын қосқанда, Клиенттен алынған өтініштер/құжаттар/ақпарат, шарттар, сондай-ақ Банктің Клиентке жолдайтын құжаттары немесе Банктің шарттар жасасу бойынша іс-әрекеттері ҚР АҚ-тің 152-бабына сәйкес ресімделген, атап айтқанда, жазбаша түрде жасалған болып табылады.

12.8. БҚШ мен Картаға қызмет көрсету шартының жиынтығы Несие лимиті бар төлем картасын беру туралы шарт болып табылады.

12.9. БҚШ-ның жасалған күні мен БҚШ-ның тіркеу нөмірі сәйкесінше Өтініштің күні және тіркеу нөмірі болып табылады.

12.10. Банк өзі туралы мәліметтерді несие бюроларына беруге және несие бюросының Банкке ол туралы несие есебін беруіне, сондай-ақ Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты беруіне келісімді алды.

12.11. БҚШ-ға қол қою арқылы тарап ретінде Клиент пайда алушы немесе мүдделі тұлға болып табылатын шарттарды жасасу және орындау үшін; оларды орындауға мәжбүрлеу немесе берешекті өндіріп алу үшін, Клиенттің құқықтары мен міндеттерінің тиісінше іске асырылуын қамтамасыз ету үшін; мәліметтерді анықтау үшін, соның ішінде алаяқтық операцияларға жол бермеу мақсаты үшін; шарттарды орындауға байланысты ақпаратты, үшінші тұлғалардың бірлескен бағдарламаларына (адалдық бағдарламаларына, бонустық бағдарламаларда және т.б.) қатысатын үшінші тұлғалардың мәліметтері мен ақпаратын Клиенттің назарына жеткізу үшін; сақтандыру, пошталық ұйымдарға, байланыс ұйымдарына беру үшін; мерзімі өткізілген Берешекті өндіріп алу немесе Клиенттің өзге міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін коллекторлық ұйымдарға және өзге тұлғаларға беру үшін Клиент Банкке Клиенттің дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға келісімін береді.

12.12. Клиенттің дербес деректерін және Клиент туралы өзге мәліметтерді өзгерту және толықтыру Байланыс арналары арқылы мұндай әрекеттерді жүзеге асыру үшін Банк көздеген тәртіппен жүзеге асырылады.

12.13. Клиент Банктің қызметінің ақысын операцияларды жүргізген кезде, Банк Тарифтеріне сай қолма-қол ақшасыз жасалатын тәртіппен, қолма-қол ақшамен, Банктің Клиенттің шоттарын тікелей дебеттеуі арқылы және/немесе операцияларды жүргізген кезде Банктің ақшаны Клиенттің шотынан немесе Клиенттің Банктегі немесе басқа банктердегі кез келген басқа банктік шотынан акцептсіз тәртіппен алып қоюы арқылы төлейді.

12.14. Клиент пен сауда және сервис кәсіпорындары (ССК) арасындағы тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетуге қатысты даулы қатынастар Банктің қатысуынсыз шешіледі.

12.15. Тараптардың арасында шарттардан немесе соларға байланысты туындайтын барлық дауларды Тараптар келіссөздер арқылы шешетін болады. Егер Тараптар келіссөздер барысында келісімге қол жеткізбесе, онда дау Банктің қалауы бойынша Банктің немесе оның филиалының орналасқан жеріндегі сотта қаралуы тиіс.
